

**Байғанин аудандық мәслихатының мемлекеттік тіркелген
нормативтік құқықтық актілері**

**Байғанин аудандық мәслихатының 2009 жылғы 24 сәуірдегі №83 «Базалық салық
ставкаларын түзету туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Ақтөбе облысы Байғанин аудандық мәслихатының 2017 жылғы 15 наурыздағы № 63 шешімі.
Ақтөбе облысы Әділет департаментінде 2017 жылғы 17 сәуірдегі № 5411 санымен тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Құқықтық актілер туралы» Заңының 50-бабына және Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 28 қарашадағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңына сәйкес, Байғанин аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Байғанин аудандық мәслихатының қазақ тіліндегі 2009 жылғы 24 сәуірдегі №83 «Базалық салық ставкаларын түзету туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3-4-73 болып тіркелген, 2009 жылғы 11 маусымда аудандық «Жем-Сағыз» газетінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қазақ тіліндегі шешімнің атауындағы және бүкіл мәтіні бойынша «ставкаларын», «ставкалары» деген сөздер «мөлшерлемелерін», «мөлшерлемелері» сөздерімен ауыстырылсын;

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Байғанин аудандық
мәслихатының сессия
төрағасы**

С. Жұбан

**Байғанин аудандық
мәслихатының
хатшысы**

Б. Турлыбаев